

"Коллекторлық агенттік есептілігінің тізбесін, нысандарын, оны ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 112 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 120 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 желтоқсанда № 31427 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 2 желтоқсандағы № 87 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Коллекторлық агенттік есептілігінің тізбесін, нысандарын, оны ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 112 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15481 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес коллекторлық агенттік есептілігінің тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес қарыз алушылардың және жұмыс істеуге қабылданған шарттардың саны туралы есептің нысаны;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жұмыс істеуге қабылданған берешектің көлемі туралы есептің нысаны;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес есепті кезеңнің соңына мерзімі өткен берешегі бар қабылданған қарыздар (микрокредиттер) туралы есептің нысаны;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес кредиторлар бөлігінде есепті кезеңнің соңына қабылданған қарыздар (микрокредиттер) туралы есептің нысаны;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес шарттар және иеленген берешек бойынша қарыз алушылардың саны туралы есептің нысаны;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес иеленген берешектің көлемі туралы есептің нысаны;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес есепті кезеңнің соңына мерзімі өткен берешегі бар иеленген талап ету құқықтары туралы есептің нысаны;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес кредиторлар бөлігінде есепті кезеңнің соңына қарыздар (микрокредиттер) бойынша иеленген талап ету құқықтары туралы есептің нысаны;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есептің нысаны;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталы туралы есептің нысаны;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес Коллекторлық агенттіктің есептілікті табыс ету қағидалары бекітілсін.";

1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымша осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес 8-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес 9-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес 10-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес 11-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес 12-қосымшамен толықтырылсын.

3. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (А.М. Боранбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (А.С. Касенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Г. Пирматов

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы
2022 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 120 Қаулыға
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 112 қаулысына
1-қосымша

Коллекторлық агенттік есептілігінің тізбесі

Коллекторлық агенттіктің есептілігіне мыналар кіреді:

- 1) қарыз алушылардың және жұмыс істеуге қабылданған шарттардың саны туралы есеп;
- 2) жұмыс істеуге қабылданған берешектің көлемі туралы есеп;
- 3) есепті кезеңнің соңына мерзімі өткен берешегі бар қабылданған қарыздар (микрокредиттер) туралы есеп;
- 4) кредиторлар бөлігінде есепті кезеңнің соңына қабылданған қарыздар (микрокредиттер) туралы есеп;
- 5) шарттар және иеленген берешек бойынша қарыз алушылардың саны туралы есеп;
- 6) иеленген берешектің көлемі туралы есеп;
- 7) есепті кезеңнің соңына мерзімі өткен берешегі бар иеленген талап ету құқықтары туралы есеп;
- 8) кредиторлар бөлігінде есепті кезеңнің соңына қарыздар (микрокредиттер) бойынша иеленген талап ету құқықтары туралы есеп;
- 9) тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есеп;
- 10) коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталы туралы есеп.

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы
2022 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 120 Қаулыға
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Қарыз алушылардың және жұмыс істеуге қабылданған шарттардың саны туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: КА_2.1

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: коллекторлық агенттік

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Қарыз алушылардың және жұмыс істеуге қабылданған шарттардың саны туралы есеп

саны (дана)

№	Атауы	Екінші деңгейдегі банктер	Микроқаржы ұйымдары	Ломбардтар	Кредиттік серіктестіктер
1	2	3	4	5	6
1	Есепті кезеңнің басына берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ есепті кезеңнің басындағы берешекке байланысты ақпаратты жинау бойынша қызметтер көрсету нысанасы болып табылатын шарттар (бұдан әрі – берешекті сотқа дейін				

	өндіріп алу туралы шарттар)				
2	Есепті кезеңде жасалған берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар				
3	Есепті кезеңде бұзылған берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар				
4	Есепті кезеңде олар бойынша жұмыс аяқталған берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар				
5	Есепті кезеңнің соңына қолданылатын берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар				
6	Есепті кезеңнің басына жұмыс істеуге қабылданған қарыз (микрокредит) шарттары				
7	Есепті кезеңде жұмыс істеуге қабылданған қарыз (микрокредит) шарттары				
8	Есепті кезеңде қайтарылған, кредитор коллекторлық агенттіктің жұмысынан кері қайтарып алған қарыз (микрокредит) шарттары				

9	Есепті кезеңде өтелген қарыз (микрокредит) шарттары				
10	Есепті кезеңнің соңында жұмыс істеуге қабылданған қарыз (микрокредит) шарттары				
11	Есепті кезеңнің басында қарыздары (микрокредиттері) жұмыс істеуге қабылданған қарыз алушылардың саны, в оның ішінде:				
11.1	з а ң д ы тұлғалардың				
11.2	д а р а кәсіпкерлердің				
11.3	ж е к е тұлғалардың				
12	Есепті кезеңде қарыздары (микрокредиттері) жұмыс істеуге қабылданған қарыз алушылардың саны, оның ішінде:				
12.1	з а ң д ы тұлғалардың				
12.2	д а р а кәсіпкерлердің				
12.3	ж е к е тұлғалардың				
13	Есепті кезеңде қарыздары (микрокредиттері) кредиторға қайтарылған, кредитор коллекторлық агенттіктің жұмысынан кері				

	қайтарып алған қарыз алушылардың саны, оның ішінде:				
13.1	заңды тұлғалардың				
13.2	дара кәсіпкерлердің				
13.3	жеке тұлғалардың				
14	Есепті кезеңде қарыздары (микрокредиттері) өтелген қарыз алушылардың саны, оның ішінде:				
14.1	заңды тұлғалардың				
14.2	дара кәсіпкерлердің				
14.3	жеке тұлғалардың				
15	Есепті кезеңнің соңында қарыздары (микрокредиттері) жұмыс істеудегі қарыз алушылардың саны, оның ішінде:				
15.1	заңды тұлғалардың				
15.2	дара кәсіпкерлердің				
15.3	жеке тұлғалардың				

кестенің жалғасы:

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар	Басқа да ұйымдар
7	8

Атауы _____ Мекенжайы _____

—
Телефоны _____

—

Электрондық пошта мекенжайы _____

— Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы "____" _____

Қарыз алушылардың және
жұмыс істеуге қабылданған
шарттардың саны туралы есеп
нысанына қосымша

"Қарыз алушылардың және жұмыс істеуге қабылданған шарттардың саны туралы есеп" әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі – КА_2.1, кезеңділігі – тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қарыз алушылардың және жұмыс істеуге қабылданған шарттардың саны туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Коллекторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды коллекторлық агенттік тоқсан сайын толтырады. Нысандағы деректер санымен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Кестенің 1-жолында есепті кезеңнің басына коллекторлық агенттік кредиторлармен жасасқан берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және берешекті реттеу бойынша, сондай-ақ берешекке байланысты ақпаратты жинау бойынша кредиторға қызметтер көрсету болып табылатын есепті кезеңнің басында қолданылып жүрген шарттардың саны (бұдан әрі – берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу туралы шарттар) көрсетіледі.

6. Кестенің 2-жолында есепті кезең ішінде коллекторлық агенттік кредиторлармен жасасқан берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттардың саны көрсетіледі.

7. Кестенің 3-жолында есепті кезеңде бұзылған берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттардың саны көрсетіледі.

8. Кестенің 4-жолында есепті кезеңде олар бойынша жұмыс аяқталған берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттардың саны көрсетіледі.

9. Кестенің 5-жолында коллекторлық агенттік кредиторлармен жасасқан, есепті кезеңнің соңында берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы жұмыс аяқталмаған берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттардың саны көрсетіледі.

10. Кестенің 6-жолында коллекторлық агенттік кредиторлармен жасасқан берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар шеңберінде берешегі есепті кезеңнің басында жұмыс істеуге қабылданған қарыз (микрокредит) шарттарының саны көрсетіледі.

11. Кестенің 7-жолында коллекторлық агенттік кредиторлармен жасасқан берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар шеңберінде берешегі есепті кезең ішінде жұмыс істеуге қабылданған қарыз (микрокредит) шарттарының саны көрсетіледі.

12. Кестенің 8-жолында есепті кезеңде кредиторға қайтарылған, кредитор коллекторлық агенттік жұмысынан кері қайтарып алған қарыз (микрокредит) шарттарының саны көрсетіледі.

13. Кестенің 9-жолында қарыз алушылар есепті кезеңде берешегі өтеген қарыз (микрокредит) шарттарының саны көрсетіледі.

14. Кестенің 10-жолында есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша коллекторлық агенттік кредиторлармен жасасқан берешекті сотқа дейінгі тәртіппен өндіріп алу туралы шарттар шеңберінде берешегі жұмыс істеуге қабылданған қарыз (микрокредит) шарттарының саны көрсетіледі.

15. Кестенің 11-жолында есепті кезеңнің басында берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар бойынша қарыздары (микрокредиттері) жұмыс істеуге қабылданған қарыз алушылардың саны көрсетіледі.

16. Кестенің 12-жолында есепті кезең ішінде берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар бойынша қарыздары (микрокредиттері) жұмыс істеуге қабылданған қарыз алушылардың саны көрсетіледі.

17. Кестенің 13-жолында есепті кезеңде берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар бойынша қарыздары (микрокредиттері) кредиторға қайтарылған не кредитор коллекторлық агенттіктің жұмысынан кері қайтарып алған қарыз алушылардың саны көрсетіледі.

18. Кестенің 14-жолында есепті кезеңде берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар бойынша қарыздары (микрокредиттері) өтелген қарыз алушылардың саны көрсетіледі.

19. Кестенің 14-жолында есепті кезеңнің соңында берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар бойынша қарыздары (микрокредиттері) жұмыс істеудегі қарыз алушылардың саны көрсетіледі.

20. Кестенің 11.3, 12.3, 13.3, 14.3, 15.3-жолдарында дара кәсіпкерлерді есептемегенде жеке тұлғалар қарыз алушылардың саны көрсетіледі.

21. Егер берешек басқа коллекторлық агенттіктен немесе екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымнан сотқа дейін өндіріп алуға қабылданса, онда банктік қарыз шарттары бойынша қабылданған талап ету құқықтары "екінші деңгейдегі банктер", "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" тиісті бағандарында, микрокредиттер бойынша талап ету құқықтары – тиісінше "микроқаржы ұйымдары", "ломбардтар", "кредиттік серіктестіктер" бағандарында, өзге де қарыздар бойынша талап ету құқықтары – "өзге ұйымдар" бағанында көрсетіледі.

22. Қарыз (микрокредит) шарттарында банктік қарыз шарттары, микрокредит беру туралы шарттар және бар болса өзге де қарыздар қамтылады.

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы
2022 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 120 Қаулыға
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 112 қаулысына
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет ресурсында орналастырылған

Жұмыс істеуге қабылданған берешектің көлемі туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: КА_2.2

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: коллекторлық агенттік

Әкімшілік деректердің нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Жұмыс істеуге қабылданған берешектің көлемі туралы есеп

(мың теңгемен)

№	Атауы	Екінші деңгейдегі банктер	Микроқаржы ұйымдары	Ломбардтар	Кредиттік серіктестіктер
1	2	3	4	5	6
1	Есепті кезеңнің басында жұмыс істеуге қабылданған берешек қалдығы, оның ішінде:				
1.1	негізгі борыш				
1.2	сыйақы				
1.3	тұрақсыздық айыбы (айыппұл , өсімпұл)				
1.4	комиссия және өзге төлемдер				
2	Есепті кезеңде жұмыс істеуге қабылданған берешек сомасы, оның ішінде:				
2.1	негізгі борыш				
2.2	сыйақы				
2.3	тұрақсыздық айыбы (айыппұл , өсімпұл)				
2.4	комиссия және өзге төлемдер				
3	Есепті кезеңде өтелген берешек сомасы, оның ішінде:				
3.1	негізгі борыш				
3.2	сыйақы				
3.3	тұрақсыздық айыбы (айыппұл , өсімпұл)				
3.4	комиссия және өзге төлемдер				

4	Кредиторға кері қайтарылған (кредитор кері қайтарып алған) берешек сомасы, оның ішінде:				
4.1	негізгі борыш				
4.2	сыйақы				
4.3	тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)				
4.4	комиссия және өзге төлемдер				
5	Есепті кезеңнің соңындағы жұмыстағы берешек сомасы, оның ішінде:				
5.1	негізгі борыш				
5.2	сыйақы				
5.3	тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)				
5.4	комиссия және өзге төлемдер				

кестенің жалғасы:

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар	Басқа да ұйымдар
7	8

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

— Электрондық пошта мекенжайы _____

— Орындаушы _____

— тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны
Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Жұмыс істеуге қабылданған
берешектің көлемі
туралы есеп

"Жұмыс істеуге қабылданған берешектің көлемі туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі – КА_2.2, кезеңділігі – тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ереже

1. Осы түсіндірмеде "Жұмыс істеуге қабылданған берешектің көлемі туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Коллекторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды коллекторлық агенттік тоқсан сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Кестенің 1-жолында берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу бойынша, сондай-ақ берешекке байланысты ақпаратты жинау бойынша қызметтер көрсету болып табылатын шарттар бойынша есепті кезеңнің басында жұмысқа қабылданған берешектің сомасы (бұдан әрі – берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар), оның ішінде негізгі борыштың және (немесе) есептелген сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссия және өзге төлемдер сомасы көрсетіледі.

6. Кестенің 2-жолында берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар бойынша есепті кезеңде жұмыс істеуге қабылданған берешек сомасы, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссия және өзге төлемдер сомасы көрсетіледі.

7. Кестенің 3-жолында қарыз алушылар берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар бойынша есепті кезеңде өтеген берешек сомасы, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссия және өзге төлемдер сомасы көрсетіледі.

8. Кестенің 4-жолында есепті кезеңде кредиторға кері қайтарылған не кредитор кері қайтарып алған берешек сомасы, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссия және өзге төлемдер сомасы көрсетіледі.

9. Кестенің 5-жолында берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарттар бойынша есепті кезеңнің соңына жұмыс істеуге қабылданған берешек қалдығы, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссия және өзге төлемдер сомасы көрсетіледі.

10. Егер берешек сомасы басқа коллекторлық агенттіктен немесе екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымнан сотқа дейін өндіріп алуға қабылданған болса, онда банктік қарыз шарттары бойынша қабылданған талап ету құқықтары "екінші деңгейдегі банктер", "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген тиісті бағандарда, микрокредиттер бойынша талап ету құқықтары тиісінше "микроқаржы ұйымдары", "ломбардтар", "кредиттік серіктестіктер" деген бағандарда, өзге қарыздар бойынша талап ету құқықтары "басқа да ұйымдар" деген бағанда көрсетіледі.

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы
2022 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 120 Қаулыға
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 112 қаулысына
4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Есепті кезеңнің соңына мерзімі өткен берешегі бар қабылданған қарыздар (микрокредиттер) туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: КА_2.3

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: коллекторлық агенттік

Әкімшілік деректердің нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсанның кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Есепті кезеңнің соңына мерзімі өткен берешегі бар қабылданған қарыздар (микрокредиттер) туралы есеп

(мың теңгемен)

№	Атауы	Екінші деңгейдегі банктер			
		Негізгі борыш	Есептелген сыйақы	Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)	Комиссия және өзге төлемдер
1	2	3	4	5	6
1	Мерзімі өткен берешегі мыналарды құрайтын, кредитор заңды тұлғаларға берген, жұмыс істеуге қабылданған қарыздар (микрокредиттер) :				
1.1	1 күннен 90 күнге дейін				
1.2	91 күннен 180 күнге дейін				
1.3	181 күннен астам				
2	Мерзімі өткен берешегі мыналарды құрайтын, кредитор жеке кәсіпкерлерге берген, жұмыс істеуге қабылданған қарыздар (микрокредиттер) :				
2.1	1 күннен 90 күнге дейін				
2.2	91 күннен 180 күнге дейін				
2.3	181 күннен астам				
3	Мерзімі өткен берешегі мыналарды құрайтын, кредитор жеке тұлғаларға берген, жұмыс істеуге қабылданған қарыздар (				

	микрокредиттер) :				
3.1	1 күннен 90 күнге дейін				
3.2	91 күннен 180 күнге дейін				
3.3	181 күннен астам				
4	Жиынтығы				

кестенің жалғасы:

Микроқаржы ұйымдары					
Негізгі борыш	Есептелген сыйақы	Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)	Комиссия және өзге төлемдер		
7	8	9	10		

кестенің жалғасы:

Ломбардтар					
Негізгі борыш	Есептелген сыйақы	Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)	Комиссия және өзге төлемдер		
11	12	13	14		

кестенің жалғасы:

Кредиттік серіктестіктер					
Негізгі борыш	Есептелген сыйақы	Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)	Комиссия және өзге төлемдер		
15	16	17	18		

кестенің жалғасы:

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар					
Негізгі борыш	Есептелген сыйақы	Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)	Комиссия және өзге төлемдер		
19	20	21	22		

кестенің жалғасы:

Басқа да ұйымдар					
Негізгі борыш	Есептелген сыйақы	Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)	Комиссия және өзге төлемдер		
23	24	25	26		

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы "____" _____

"Есепті кезеңнің соңына мерзімі өткен берешегі бар қабылданған қарыздар (микрокредиттер) туралы есеп" әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі – КА_2.3, кезеңділігі – тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Есепті кезеңнің соңына мерзімі өткен берешегі бар қабылданған қарыздар (микрокредиттер) туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Коллекторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды коллекторлық агенттік тоқсан сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Кестеде есепті кезеңнің соңына мерзімі өткен берешегі бар қабылданған қарыздар (микрокредиттер) туралы мәліметтер көрсетіледі.

6. Кестенің 1-жолында негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссия және өзге де төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегі бар заңды тұлғаларға кредитор берген жұмысқа қабылданған қарыздар (микрокредиттер) көрсетіледі. Бұл ретте қарыздардың (микрокредиттердің) сомасы бастапқы кредиторға мерзімі өткен бірінші күннен бастап есептелетін мерзімі өткен күндер бойынша бөліністе көрсетіледі.

7. Кестенің 2-жолында негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссия және өзге де төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегі бар дара кәсіпкерлерге кредитор берген жұмысқа қабылданған қарыздар (микрокредиттер) көрсетіледі. Бұл ретте

қарыздардың (микрокредиттердің) сомасы бастапқы кредиторға мерзімі өткен бірінші күннен бастап есептелетін мерзімі өткен күндер бойынша бөліністе көрсетіледі.

8. Кестенің 3-жолында негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссия және өзге де төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғаларға (дара кәсіпкерлерді есепке алмағанда) кредитор берген жұмысқа қабылданған қарыздар (микрокредиттер) көрсетіледі. Бұл ретте қарыздардың (микрокредиттердің) сомасы бастапқы кредиторға мерзімі өткен бірінші күннен бастап есептелетін мерзімі өткен күндер бойынша бөліністе көрсетіледі.

9. Кредитор деп екінші деңгейдегі банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард, қарыз алушыға қарыз (микрокредит) беру туралы шарт жасасқан өзге де ұйымдар немесе жеке тұлғалар түсініледі.

10. Егер берешек басқа коллекторлық агенттіктен немесе екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымнан сотқа дейінгі өндіріп алуға қабылданған жағдайда, онда банктік қарыз шарттары бойынша қабылданған талап ету құқықтары тиісті "екінші деңгейдегі банктер", "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" бағандарында, микрокредиттер бойынша талап ету құқықтары тиісінше "микроқаржы ұйымдары", "ломбардтар", "кредиттік серіктестіктер" бағандарында, өзге қарыздар бойынша талап құқықтары – "өзге ұйымдар" бағанында көрсетіледі.

11. Қарыз (микрокредит) беру туралы шарттар банктік қарыз, микрокредит және бар болған жағдайда өзге де қарыз шарттарын қамтиды.

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы
2022 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 120 Қаулыға
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 112 қаулысына
5-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет ресурсында орналастырылған

Кредиторлар бөлігінде есепті кезеңнің соңына қабылданған қарыздар (микрокредиттер) туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: КА_2.4

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: коллекторлық агенттік

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Кредиторлар бөлігінде есепті кезеңнің соңына қабылданған қарыздар (микрокредиттер) туралы есеп

№	Кредитордың атауы	Есепті кезеңнің соңындағы берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекке байланысты ақпаратты жинау бойынша қызметтер көрсету болып табылатын шарттардың саны	Есепті кезеңнің соңында жұмысқа қабылданған қарыз (занды микрокредит) тұлғалар шарттарының саны	Есепті кезеңнің аяғында жұмысқа қабылданған заемдар (микрокредиттер), қарыз алушылардың саны, оның ішінде:		
				занды тұлғалар	д а р а кәсіпкерлер	жеке тұлғалар
1	2	3	4	5	6	7
1	Екінші деңгейдегі банктер					
2	Микроқаржылық ұйымдар					
3	Ломбардтар					
4	Кредиттік серіктестіктер					
5	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар					
6	Басқа да ұйымдар					
7	Жиынтығы					

кестенің жалғасы:

Есепті кезеңнің соңына жұмысқа қабылданған берешек сомасы, оның ішінде (мың теңгемен):			
негізгі борыш	сыйақы	тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)	Комиссия және өзге төлемдер
8	9	10	11

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы "____" _____

Кредиторлар бөлігінде есепті
кезеңнің соңына қабылданған
қарыздар (микрокредиттер)
туралы есептің нысанына
қосымша

"Кредиторлар бөлігінде есепті кезеңнің соңына қабылданған қарыздар (микрокредиттер) туралы есеп" әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі - КА_2.4, кезеңділігі – тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Кредиторлар бөлігінде есепті кезеңнің соңына қабылданған қарыздар (микрокредиттер) туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Коллекторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды коллекторлық агенттік тоқсан сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Кестенің 2-бағанында екінші деңгейдегі банктердің, микроқаржы ұйымдарының, ломбардтардың, кредиттік серіктестіктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және басқа да ұйымдардың бөлігінде есепті кезеңнің соңына берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекке байланысты ақпаратты жинау бойынша

кредиторға қызметтер көрсету нысанасы болып табылатын шарт (бұдан әрі – берешекті сотқа дейін өндіріп алу туралы шарт) жасалған кредитордың атауы көрсетіледі. Егер кредитор жеке тұлға болса, тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) көрсетіледі.

6. Кестенің 3-бағанында екінші деңгейдегі банктердің, микроқаржы ұйымдарының, ломбардтардың, кредиттік серіктестіктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және басқа да ұйымдардың бөлігінде есепті кезеңнің соңына берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу туралы шарттардың саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

7. Кестенің 4-бағанында екінші деңгейдегі банктердің, микроқаржы ұйымдарының, ломбардтардың, кредиттік серіктестіктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және өзге де ұйымдардың бөлігінде есепті кезеңнің соңына берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу туралы шарттар бойынша жұмысқа қабылданған қарыз (микрокредит) шарттарының саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

8. Кестенің 5, 6, 7-бағандарында есепті кезеңнің соңына қарыздары (микрокредиттері) жұмысқа қабылданған екінші деңгейдегі банктер, микроқаржы ұйымдары, ломбардтар, кредиттік серіктестіктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және басқа да ұйымдар бөлігінде қарыз алушылардың оның ішінде заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер және жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлерді есепке алмағанда) саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

9. Кестенің 8, 9, 10, 11-бағандарында есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жұмысқа қабылданған берешек сомасы туралы мәліметтер, оның ішінде екінші деңгейдегі банктер, микроқаржы ұйымдары, ломбардтар, кредиттік серіктестіктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және басқа да ұйымдар бөлігінде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссия және өзге де төлем сомалары көрсетіледі.

10. Егер берешек басқа коллекторлық агенттіктен немесе екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымнан сотқа дейінгі өндіріп алуға қабылданған жағдайда, онда банктік қарыз шарттары бойынша қабылданған талап ету құқықтары тиісті "екінші деңгейдегі банктер", "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" бағандарында, микрокредиттер бойынша талап ету құқықтары тиісінше "микроқаржы ұйымдары", "ломбардтар", "кредиттік серіктестіктер" бағандарында, өзге қарыздар бойынша талап құқықтары – "өзге ұйымдар" бағанында көрсетіледі.

11. Қарыз (микрокредит) шарттары банктік қарыз, микрокредит шарттарын және бар болған жағдайда өзге де қарыздарды қамтиды.

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы
2022 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 120 Қаулыға
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 112 қаулысына
6-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет ресурсында орналастырылған

Шарттар және иеленген берешек бойынша қарыз алушылардың саны туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: КА_3.1

Кезеңділігі: тоқсан сайынғы

Есепті кезең: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: коллекторлық агенттік

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын

Нысан

Кесте. Шарттар және иеленген берешек бойынша қарыз алушылардың саны туралы есеп саны (дана)

№	Атауы	Екінші деңгейдегі банктер	Микроқаржылық ұйымдар	Ломбардтар	Кредиттік серіктестіктер
1	2	3	4	5	6
1	Есепті кезеңнің басына жасалған талап ету құқығын беру шарттары				
2	Есепті кезеңде жасалған талап ету құқығын беру шарттары				
	Есепті кезеңде тоқтатылған және (немесе)				

3	өзге тұлғаға берілген талап ету құқығын беру шарттары				
4	Есепті кезеңде орындалған талап ету құқығын басқаға беру шарттары				
5	Есепті кезеңнің соңына жасалған талап ету құқығын беру шарттары				
6	Есепті кезеңнің басына сатып алынған талап ету құқықтары				
7	Есепті кезеңде сатып алынған талап ету құқықтары				
8	Есепті кезеңде к е р і қайтарылған және (немесе) өзге тұлғаға берілген талап ету құқықтары				
9	Коллекторлық агенттік кредиторлармен жасасқан талап ету құқықтарын басқаға беру шарттары шеңберінде сатып алынған талап ету құқықтары бойынша есепті кезеңде орындалған және (немесе) кешірілген міндеттемелер				
10	Есепті кезеңнің соңына сатып алынған талап ету құқықтары				
	Берешегі бойынша талап				

11	ету құқықтары есепті кезеңнің басында сатып алынған борышкерлердің саны, оның ішінде:				
11.1	заңды тұлғалар				
11.2	дара кәсіпкерлер				
11.3	жеке тұлғалар				
12	Берешегі бойынша талап ету құқықтары есепті кезеңде сатып алынған борышкерлердің саны, оның ішінде:				
12.1	заңды тұлғалар				
12.2	дара кәсіпкерлер				
12.3	жеке тұлғалар				
13	Берешегі бойынша талап ету құқықтары есепті кезеңде сатылған (кері қайтарылған) борышкерлердің саны, оның ішінде:				
13.1	заңды тұлғалар				
13.2	дара кәсіпкерлер				
13.3	жеке тұлғалар				
14	Берешегі есепті кезеңде өтелген борышкерлердің саны, оның ішінде:				
14.1	заңды тұлғалар				
14.2	дара кәсіпкерлер				
14.3	жеке тұлғалар				
15	Берешегі бойынша талап ету құқықтары есепті кезеңнің соңында сатып алынған				

	борышкерлердің саны, оның ішінде:			
15.1	заңды тұлғалар			
15.2	дара кәсіпкерлер			
15.3	жеке тұлғалар			

кестенің жалғасы:

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар	Басқа да ұйымдар	Дара кәсіпкерлер	Жеке тұлғалар
7	8	9	10

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы "____" _____

Шарттар және иеленген берешек бойынша қарыз алушылардың саны туралы есеп нысанына қосымша

"Шарттар және иеленген берешек бойынша қарыз алушылардың саны туралы есеп" әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі – КА_3.1, кезеңділігі – тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

